

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Журналистика факультеті
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы

«БАҚ-ғы фотографика»
пәні бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің ID: **100019**

«6B03206 - Медиакоммуникациялар»
білім беру бағдарламасы
Оқыту деңгейі: бакалавр
Курс – 3
Семестр – 5
Кредит саны – 5

Өзірлеген: аға оқытушы Абдраим А.А.

Алматы - 2024

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты: студенттердің фотография және графика, пәнаралық байланысы, қазіргі фотографияның жетекші тенденциялары туралы кадрдың композициялық құрамдас негіздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Түсіру техникасы мен кадр режиссурасы, коллаж жасау техникасы, фотосурет фокусындағы цифрлық технологиялар принциптері, сондай-ақ БАҚ-қа арналған бірлескен көрме жобаларын дайындау мәселелері зерттеледі. Бұл курс студентке фотожурналистика саласы журналистика саласының аса маңызды әрі ерекше түрі ретінде толық түсінік беруге арналған.

ЕМТИХАН ТАПСЫРУШЫ СТУДЕНТКЕ БЕРІЛГЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. Конструктивизм стилінде фотосурет жасау, содан кейін графикалық өңдеу. 2 дана.
2. Әртүрлі ISO мәндерін қолдана отырып түсірілімдер жасау. 4 дана.
3. Композицияның үшінші ережелерін қолдана отырып фотосурет түсіру. 2 дана
4. Балаларды және жануарларды суретке түсіру. графикалық өңдеу. 2 дана.

Ескерту: Композициялық заңдылықтарды ескере отырып, электронды форматтарда сақтау. Балалар және жануарлар түсірілімдерін жасау кезінде фотокамерада нұсқаулықты орнату ұсынылады ысырма жылдамдығы режимі немесе басымдық режимін.

Негізгі әдебиеттер:

1. Мартыненко Е. В. Журналистика и медиа эпохи глобальных перемен : сб. науч. ст. : в 2 томах / - Москва : РУДН. - 2023. – 466.
2. Данилькевич, А. В. Фотография. Часть 1 [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. В. Данилькевич. — Электрон. текстовые данные. — Волгоград : Волгоградский институт бизнеса, Вузовское образование, 2011. — 55 с.
3. Адамс Ш. Дизайн и цвет : практикум / Ш. Адамс. - Москва : Колибри, 2023. - 239,
4. Беньямин В. Краткая история фотографии / В. Беньямин ; пер. с нем. С. А. Ромашко. - Москва : Ад Маргинем Пресс : Музей современного искусства "Гараж", 2021. - 124,
5. Әбдірайымұлы А. «Фотожурналистика» оқу-әдістемелік құралы. Алматы.- Қазак университеті баспасы, 2016.-112

Қосымша:

1. Гордон Ю. О языке композиции / Ю. Гордон. - 2-е изд. - [б. м.] : Студии А. Лебедева, 2021. - 204,
2. Бояров П.И., Лобко В.Д. Фотография (Энциклопедический словарь), М.1992, - 397
3. Джон Хеджкоу. Фотографии Ні класса. М., Омега, 2004, - 160.
4. А.А.Абдраим, О.Е.Алхаров, Е.Д.Калининченко "Фототехник" біліктілігі: оқу құралы/ / - Нұр-Сұлтан қаласы: 2020. -310 б.

Қосымша интернет-ресурстар:

1. Әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық университетінің www.kaznu.kz сайты
2. Электронды білім беру www.univer.kz сайты.
3. <http://elibrary.kaznu.kz/ru> ҚазҰУ кітапханасы
4. <https://prophotos.ru>.
5. <https://youtu.be/nHw4VkJvYPU> Оборудование для съемки. Как снимать фото-видео
6. <http://photomanual.ru>.

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБА/ONLINE/OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Шығармашылық жоба online-offline. **Платформасы:** Moodle ҚОЖ.

Пән бойынша қорытынды емтихан екі кезеңде шығармашылық жоба түрінде өткізіледі. Оқытушы тапсырманы құрастырады, емтихан өткізудің бағдарламасы мен ережелерін дайындайды.

2.1.1. Бірінші кезең - онлайн, яғни білім алушы университеттің ресми ақпараттық-білім беру жүйесі (Moodle ҚОЖ) арқылы тапсырманы алады, орындалған тапсырма есебін сілтемесімен бірге осы жүйеге (Moodle ҚОЖ) жүктеп тексеруге жібереді.

2.1.2. Екінші кезең - оффлайн, дайындалған шығармашылық жұмыстарды ұстаз назарына ұсынады. Атқарылған жұмыс бойынша қорытынды жасап, фототүсірілім кезінде, графикалық дизайнда қолданған креативті амалдар, заманауи бағдарламалардың ерекшеліктерінен ақпарат береді.

2.2. Шығармашылық емтиханның мақсаты: «БАҚ-ғы фотографика» атты шығармашылық бағыттағы пәнді оқу кезінде меңгерген оқу нәтижелерін, шеберлікті, дағдылар мен құзіреттіліктерді көрсету, өз көзқарасын дәлелдей білу.

2.2.1. Жұмыстың түпнұсқалығын тексеру. Студенттің емтихандық жұмысты өзі орындағанын осыған дейін дайындаған жұмыстарымен салыстыру арқылы да анықталады. Студент осы пән бойынша семестр бойы дайындаған фотожұмыстарын оқу жылының соңына дейін сақтауға міндеттеледі.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

2.3.1. Фотографиканың негізгі теориялық ұғымдары мен фотографиканың ерекше терминдерін біледі.

2.3.2. Фотографиканың бейнеленуінің психологиялық және қабылдау деңгейлерін меңгереді. Түрлі тақырыптар бойынша тапсырмалар жасап үйренеді.

2.3.3. Алған білімдерін зерттей отырып белгілі бір жоба бойынша талдау жүргізу, өз ойын дәлелмен жеткізе білуді, фотография және фотографика салаларының өзіндік тиімділігін анықтауды үйренуге қабілетті болады.

2.3.4. Пәндік бағдарлама бойынша қолданылатын тәжірибелік тапсырмаларды орындау және талдау үшін эксперименттерді жасау, жобалау проблемаларын шешу.

2.3.5. БАҚ-ғы фотографика пәні студентті журналист ретінде жан-жақты әрі толыққанды білім иесі болып шығаруға бағытталған.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. «БАҚ-ғы фотографика» пәнінде берілген тақырып бойынша компьютерлік бағдарлама арқылы әртүрлі бағыттағы студенттік шығармашылық тапсырмаларды орындау көзделген.

2.4.2. Түсірілімдегі негізгі нысанды сәтті орналастыра отырып түстер мен көлемдер үйлесімділігінің шешу жолдарын пайдалануға болады.

2.4.3. Компьютерлік бағдарламаларда фотографиканың бейнеленуін талғап-таңдап қолдануға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: БАҚ-ғы фотографика; Емтихан формасы: Шығармашылық жоба online-offline.
Платформасы: Moodle ҚОЖ.

№	Балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
Критерий						
1	Фотографика жанры бойынша базалық білімін қалыптастыруы	Фотографика жанры туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсінуі.	Фотографика жанры туралы теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі.	Фотографика жанры теориялары мен тұжырымдамаларын шектеулі түсінуі.	Фотографика жанры туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/түсінбеушіліктің жоқтығы.	
2	Фотографиканың кең таралған әдістерімен таныс болуы	Фотографика түсірілім саласындағы алғашқы пионерлердің еңбектерін саралай келе, бүгінгі фототүсірілімдерді жасау жолдарын өте жақсы меңгерген.	Фотографика түсірілім саласындағы алғашқы пионерлердің еңбектерін саралай келе, бүгінгі фототүсірілімдерді жасау жолдарын жақсы меңгерген.	Фотографика түсірілім саласындағы алғашқы пионерлердің еңбектерін саралай келе, бүгінгі фототүсірілімдерді жасау жолдарын шектеулі меңгерген.	Фотографика түсірілім саласындағы алғашқы пионерлердің еңбектерін саралай келе, бүгінгі фототүсірілімдерді жасау жолдарын аз меңгерген.	Фотографика түсірілім саласындағы алғашқы пионерлердің еңбектерін саралай келе, бүгінгі фототүсірілімдерді жасау жолдарын мүлдем меңгермеген.
3	Нақты түсірілім алаңында жұмыс әдістерін игеруі	Ақтық балансты дұрыс таңдау арқылы, түстердің қанықтығын өте жақсы реттейді.	Ақтық балансты дұрыс таңдау арқылы, түстердің қанықтығын жақсы реттейді.	Ақтық балансты дұрыс таңдау арқылы, түстердің қанықтығын қанағаттанарлықтай реттейді.	Ақтық балансты дұрыс таңдау арқылы, түстердің қанықтығын нашар реттейді	
4	Компьютерлік бағдарламаларда фотографиканың бейнеленуін талғап-таңдап өңдеуі.	Өте жақсы, тартымды бейне, визуалды эффектілердің, материалдардың тамаша сапасы, керемет жұмыс.	Жақсы тартымдылық, визуалды эффектілердің, басқа материалдардың жақсы сапасы, жұмыстың жақсы деңгейі.	Тартымдылық деңгейінің қанағаттанарлығы, визуалды эффектілердің, басқа материалдардың қанағаттанарлық сапасы, жұмыстың қанағаттанарлық деңгейі.	Тартымдылық деңгейінің төмендігі, визуалды эффектілердің, басқа материалдардың төмен сапасы, жұмыстың төмен деңгейі.	Тартымдылық деңгейінің жоқтығы, визуалды эффектілердің, басқа материалдардың, жұмыстың жоқ деңгейі.

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6) / К, мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К-критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды балды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
---	------	-------------	---------	-------------------	----------------------

	Критерий	«				
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
1.	1 критерий	100				
2.	2 критерий		75			
3.	3 критерий			60		
4.	4 критерий				45	
5.	5 критерий	100				
6.	6 критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	$200 + 75 + 60 + 94 = 429$ $429 / 6$ критерийлер = 71,5 Қорытынды балл % = 72

Есептеу кезінде алынған пайыздарға сүйене отырып, біз бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз. 70 баллдан 89 баллға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сай келеді. Осылайша, осы есептеуде емтихан дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «Жақсы» **70 баллға** бағаланатын болады.

Декан _____ **Қ. Әуесбай**

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрағасы _____ **М. Негізбаева**

Кафедра меңгерушісі _____ **Ә. Әлжанова**

Дәріскер _____ **А.Абдраим**